

Оңтүстік – шығыс Азия елдерінің ассоциацияс ы

Орындаған: Достан Айжан

АСЕАН (ағылш. *The Association of Southeast Asian Nations* — Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) — Оңтүстік-шығыс Азияның 10 елі кіретін өңірлік саяси, мәдени әрі әлеуметтік-экономикалық ұйым. 1967 ж. тамыздың 8 Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур және Таиланд негізін қалаған.



Ұйым мақсаты:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ
ДАМУДЫ ЖАҢҒЫРТУ

аймақта бейбітшілікті
қамтамасыз ету

Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы, – халықаралық ұйым. 1967 жылы 8 тамызда Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Филиппин мемлекеттері құрған. Кейін ұйымның құрамына Бруней (1984), Вьетнам (1995), Лаос және Мьянма (1997), Камбоджа (1999) кірді.



АСЕАН құрылғаннан бастап саяси ынтымақтастық саласында келісімдер жасауға баса көңіл бөлді. АСЕАН елдерінің алғашқы екі кездесуі (1976 және 1977) осы ұйым қызметінің принциптерін жария етіп, адам ресурстарын дамыту, кедейшілік пен сауатсыздықты жою, есірткі саудасына жол бермеу, т.б. салада ынтымақтастықты кеңейтуге арналды. Ұйымға мүше елдер Оңтүстік-Шығыс Азияда еркін сауда аймағын құруға талпыныстар жасап, арнайы келісімшарттарға отырды.



Ұйым Азия-Тынық мұхит аймағындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша жыл сайын конференциялар өткізеді. 1993 жылы АСЕАН-ның аймақтық форумы құрылып, оған бақылаушы мемлекет ретінде Папуа-Жаңа Гвинея және екі кеңесшілік серіктес елдер – Қытай мен Ресей кірді.




Ұйым аймақта экономикалық өсімді, әлеуметтік және мәдени дамуды жеделдету, аталған салаларда белсенді ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету мақсатында ғылым мен технология, қоршаған орта, мәдениет пен ақпарат, әлеуметтік даму ынтымақтастығын үйлестіреді. 1995 жылы АСЕАН елдері Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында ядролық қарусыз аумақ құру туралы шартқа қол қойды.



АСЕАН-ның жоғарғы органы – Мемлекет және Үкімет басшыларының саммиті. Бұл саммит әр 3 жыл сайын өткізіледі, ал олардың аралығында бейресми кездесулер өтеді. АСЕАН-да 11 арнайы комитет жұмыс істейді, ағымдағы басшылықты Тұрақты комитет жүзеге асырады. Бес жыл мерзімге тағайындалатын АСЕАН-ның Бас хатшысы жетекшілік ететін Секретариат Джакарта қаласында орналасқан.



Аймақ елдері арасындағы сауда байланысын күшейту, елдер арасындағы жұмысшы күшінің еркін айналымы, әлеуметтік-экономикалық мәдени байланыстарды дамыту – ұйымның басты міндеті.



Қорытынды

Қорытындылай келе, менің диссертациялық жұмысымның тақырыбы Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық, геосаяси жағдайларын дамыту мәселері болып табылады. Осыған сәйкес әлем елдерінің аймақшілік ұйымдарын зерттей келе Орталық Азия елдерінің өзара байланысын дамыту. Елбасымыз айтқандай «Орталық Азия елдерінің Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан саяси, экономикалық, әскери, сауда-саттық салалары бойынша күш біріктіру арқылы мол жетістіктерге жетуіміз мүмкін». АСЕАН ұйымы секілді болашақ 10 жылда Орталық Азия Одағы қажеттілігін сезінуіміз мүмкін.